

Джумадиев А., Мауленов Д.Б.

Халықаралық Тараз инновациялық институты, Қазақстан

АДАМДЫ КЕПІЛГЕ АЛУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ СЕБЕПТЕРІ

Қазақстанда адамның, оның құқықтары мен бостандықтарының басымдылығы жария етілген, цивилизациялық деңгейде адам өмірін, денсаулығын, қадір-қасиетін, бостандығын және басқа адамзат құндылықтарын қорғау кепілдігі мен құқықтары заңды бекітілген.

Қылмыс та адамның әрбір қылығы секілді өзімен тұлғаның жеке-дара қасиеттерінің және адам онда нақты мінез-құлықтық шешім қабылдайтын объективті жағдайдың өзара әрекеттену нәтижесін білдіреді. Нақты қылмысты жасау жеке тұлғаның (индивидтің) адамгершілік қалыптасуының қолаңсыз жағдайларының, және де қылмыс жағдайын құрайтын сыртқы объективті мән-жайлардың әсер етуімен қалыптасқан (орныққан) тұлғаның негативті (жағымсыз) адамгершілік-психологиялық қасиеттерінің өзара әрекеттесуінің нәтижесі болып табылады.

Қылмыс та әрбір қылық секілді өзімен адам әрекетінің саналы ерікті актісін білдіреді. Әрбір осындай акт адаммен қандай да бір саналатын қажеттілікті қанағаттандырумен байланысты. Адамдардың қажеттіліктері көпсанды және алуан түрлі - өзін-өзі сақтаудағы (тамақ, жылу, киім) және көбеюдегі (махаббат, ана болу, балалар) өмірлік қажетті биологиялық және физикалық қажеттіліктерде, элементарлыдан (қарпайымдардан) материалдық және рухани сипаттағы (ақпарат, білім, еңбек, шығармашылық, сұхбаттасу, өзін өзі білдіру (көрсету) және өзін өзі бекіту, қоғамдық қызмат және басқалар) әлеуметтік қажеттіліктердің күрделі қиылысуларына дейін.

Профессор А.Б. Сахаров айтқандай жеке қылмыстың тікелей психологиялық себебі болып адамның өз қажеттіліктеріне қарамастан және қоғамдық мүдделерге зиянды қанағаттандыруға ұмтылу табылады.

Зорлық-зомбылық қылмыстылығы алуан түрлі. Зорлық-зомбылық қылмыстардың үлкен қоғамдық қауіптілігін адамның өміріне, денсаулығына және бостандығына қарсы зорлық-зомбылық қылмыстары көріністері білдіреді.

Е.І. Қайыржанов айтқандай, криминологиядағы себептілік – ең күрделелердің және сондықтан шиелініскен проблемалардың бірі. Сондықтан оған жақындау келе-келе және мән-жайлы болуы тиіс. Қылмыстылықтың себептері деп шарттардың ролін ойнайтын мән-жайлармен өзара әрекеттесуінде қылмыстылықтың болуын әлеуметтік құбылыс секілді детерминациялайтын әлеуметтік құбылыстар мен процесстердің жиынтығы аталады.

Зорлық-зомбылық қылмыстылық туралы айтқанда, оларды жасау кезінде күш (зорлық-зомбылық) әншейін мақсатқа жетудің құралы емес себептелу элементі болып табылатындығын еске салады. Адамды кепілге алудың динамикасы (қозғалысы) қоғамның әлеуметтік өмірінің әр түрлі факторларымен байланысты. Әлеуметтік қоғамда жеке тұлғаның (индивидтің) саяси қызметі (әрекеті) бәрінен бұрын берілген қоғамның барлық мүшелерінің мүдделеріне бағытталуы тиіс. Бір ғана тұлғаның мүдделеріне қызмет ететін эгоизмді, мансапқорлықты және қызметтік (әрекеттің) басқа нысандарын қоғам мадақтай алмайды.

Зорлық-зомбылық қылмыстарға пиғылдың (пейіл, иман, мінез (нрав) жалпы қатулануы, стресс жағдайларының санының ұлғаюы, әлеуметтік бақылаудың дәстүрлі нысандарының әлсіреуі әсер етеді. Көрсетілген және басқа объективті қалыптасқан қоғамдық айырмашылықтың топтық және жеке-дара деңгейдегі қарама қайшылықтарының әсерінен криминалды (қылмыстық) зорлық-зомбылық күшейеді, зорлық-зомбылық

қылмыстарға ең алуан түрлі ішкі сылтаулардың (итермелеудің) пайда болуы және іс-әрекет етуіне кең алаң құрылады.

Соңғы уақытта қылмыскерлердің жасаруы жатыр, кәмелетке толмағандар мен жастар. Қылмыскерлер «криминологиялық қатынаста сәтті (благополучных)» аталатын халықтың жігінен барынша көп қалыптаса бастаған. Коиминалдық (қылмыстық) зорлық-зомбылықтың анағұрлым қауіпті түрлеріне қатысты бандитизммен, «тапсырыс бойынша» адам өлтірумен, адамды кепілге алумен байланысты ұйымдасқан қылмыстық топтардың және кәсіби қылмыстылықтың бірінші дәрежелі қатысы бар. Бұл қылмыстырды жасауға ауытқушылығы бар адамдарды анықтау мақсатында ішкі істер органдарының бөлімшелерінің (криминалдық полицияның, ұйымдасқан қылмыстылықпен күрес бойынша аппараттардың), сондай-ақ ҰҚК-ң, қаржы полициясының, кеден органдарының, шекара қызметінің тиісті бөлімшелерінің жедел мүмкіндіктері толық емес шамада (мөлшерде) пайдаланылады.

Сот практикасын зерделеу (оқу), адамды кепілге алудың саны өсіп жатқанын көрсетеді, жекелеп алғанды, зорлық-зомбылық қылмыстылығы пайдакүнемдік қылмыстылықпен тіркескен сипат алғандар. Себептердің бірі болып материалдық теңсіздік те табылады.

Қазіргі уақыттағы қоғамда адамдар арасындағы материалдық теңсіздіктің болуы қоғамның дамуының берілген кезеңіндегі объективті құбылыс. Берілген құбылысты ғылыми теорияның көзқарасынан алғанда жоюға болады, бірақ ол практикада ұзақ кезең өмір сүреді. Осының негізінде қылмыс әлі ұзақ жасалынады. Бәрінен бұрын адамдар арасындағы материалдық теңсіздікті кеміту (азайту) қажет. Бұл тапсырманы қоғам орындай алады және сөйтіп материалдық негіздегі қылмыстылықты азайтады (кемітеді). Бұқараны белгілі бір қажеттіліктерге тәрбиелеу қоғам үшін аз қажетті емес маңызы бар. Тиімді (рационалды) тәрбиелеу материалдық негіздегі қылмыстарды ескерту бойынша маңызды болуы мүмкін. Берілген қоғамның мүшелерінің арасында материалдық

құндылықтарды бөлуде айырмашылық үлкен болса қылмыстылықтан құтылуға қиын болады.

Сөйтіп, халықтың өмірлік (күн көріс) жағдайын жақсартып отырып, байлар мен кедейлер арасындағы үлкен айырмашылықты азайтып, әлеуметтік заңдарды жетілдіре, материалдық негіздегі қылмыстылықты елеулі азайтуға (кемітуге) болады. Бұл проблемадағы ең бастысы – бұл адам қандай жұмыста болмасын, оның қызметін әлеуметтік бақылауды жүзеге асыру.

Егер діни қылмыстылықты ескертуді қозғасақ, егер жеке тұлға (индивит) өзіндік оқуларға арнағысы келсе, ешкім адамдарға құдайға сенуге тыиым сала алмайды дегенді айту керек.

Діни нанымды насихаттаушылар, шіркеу, мешіт, будда храмдарының қызмет етушілері теңдік пен діни нанымның барлық нысандарын және адамдарды сенушілігін құрметтеуді насихаттаулары тиіс. Ұлттың жоғары мәдениеті бар жерде, бәрінен бұрын жоғары білім беру деңгейі, ол жерде діни негіздегі қылмыстар туралы сөз болуы мүмкін емес. Діни фанатизм білім және мәдени деңгейі төмен ұлттар үшін анағұрлым тән.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахметов Б.И. Уголовно-правовая борьба с вымогательством: (Учебное пособие). – Алматы: ОНИ и РИР Алматинского юридического института МВД Республики Казахстан, 2018.
2. Аванесов Г.А. Криминология. – М., 2014.
3. Бурчак Ф.Г. Соучастие: социальные, криминологические и правовые проблемы. – Киев, 2016.
4. Владимиров В.А. Некоторые уголовно-правовые аспекты профилактики правонарушений в развитом социалистическом обществе. М., 2012.
5. Гришаев П.И., Кригер Г.А. Соучастие по уголовному праву. – М.: Госюриздат, 2009.